

Азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді 2009 жылы ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы Әкімінің 2009 жылғы 09 қаңтардағы N 2 шешімі.
Жамбыл облысы Тараз қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 17 ақпанда 86 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабының 3 тармағына және "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. "Жамбыл облысы Тараз қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында Тараз қаласында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу ұсынылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 Қаулысымен айқындалған тәртіппен әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде азаматтардың медициналық комиссиядан өтуі ұйымдастырылсын.

3. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Жамбыл облыстық Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесінің № 1, 2, 3 қалалық полиция бөлімдеріне (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары М.А. Ақтановаға жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

Тараз қаласының әкімі

І. Тортаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Жамбыл облысы Тараз қаласының
Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
С . И . М е л ь н и к о в

09 қаңтар 2009 жыл

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрлігінің Жамбыл облыстық Ішкі істер
департаментінің Тараз қалалық № 1 полиция
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Ә . Қ . Қ а р а с а р т о в

09 қаңтар 2009 жыл

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрлігінің Жамбыл облыстық ішкі істер
департаментінің Тараз қалалық № 2 полиция
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Б . Ә . К ү л е к е е в

09 қаңтар 2009 жыл

"Қазақстан Республикасының ішкі істер
Министрлігі Жамбыл облысы Ішкі Істер
Департаментінің 3-ші полиция бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
М . М . Б у ж у к о в

09 қаңтар 2009 жыл